

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША / ЛОГОПЕДИЯ

## Л дыбысын дұрыс айтуға машықтандыру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.07.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/16401/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Ибатуллина Толганай Ибатуллаевна

**Сабақтың тақырыбы:** «Л дыбысын дұрыс айтуға машықтандыру»**Сабақтың мақсаты:** Л дыбысын басқа буын, сөз ішінде дұрыс үйрету. Л дыбысының артикуляциясын дұрыс айтуын қадағалау. Фонематикалық қабылдауын дамыту, ойын тапсырмалар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.**Көрнекілік:** Л дыбысының артикуляциясы, артикуляциялық жатығулар, слайд, түрлі суреттер жеке айна.**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Балалар бүгінгі сабағымыз өзгеше болмақ. Бізге келген қонақтармен амандасайық. Балалар өздеріміздің аттарымызды тіл ширату арқылы таныстырайық.

Ға-ға-ға – менің атым Дариға

Ан-ан-ан – менің атым Тамерлан

Ас-ас-ас – менің атым Мирас

На-на-на – менің атым Мадина

Ре-ре-ре – менің атым Айзере

Ан-ан-ан – менің атым Нұрсұлтан

**II. Негізгі бөлім.**

- Балалар бұл ненің дауысы?
- Кеменің
- Кеме қалай дыбысталып тұр?

- Л-Л-Л-Л деп дыбысталып тұр.

### III. Мимикалық жаттығу. Массаж жасау.

- а) Маңдайды сипау (маңдайдың ортасынан құлаққа қарай сипалау)
- б) Мұрынды сипалау (саусақпен екі жанын дірілдетіп сипалау)
- в) Бетті сипалау ( мұрынның екі жағынан ауызға қарай сипалау)

#### 2. Артикуляциялық жаттығу.

- а) тіс тазалау
- б) ат шауып келеді
- в) алтыбақан

### IV. Жаңа сабақ

#### 1.Л дыбысын машықтандыру

Ла-ла-ла	Ал-ал-ал
Ло- ло-ло	Ол-ол-ол
Лу-лу-лу	Ұл-ұл-ұл
Ле-ле-ле	Ел-ел-ел

#### 2.Дауыс ырғағын қалыптастыруға арналған жаттығу.

А-а-а-а      О-о-о-о      У-у-у-у      И-и-и-и

Балалар енді осыған Л дыбысын қосып машықтандырайық

Ла-ла-ла-ла    Ло-ло-ло-ло    Лу-лу-лу-лу    Ли-ли-ли-ли

#### 3.Саусақ жаттығуы

Орманда бір үй бар  
Есігінде құлып бар  
Айтыңдаршы балалар  
Есікті кім ашалар  
Тук тук соғамыз  
Есікті біз ашамыз

#### 4.Сергіту жаттығу.

Ла-ла-ла – ұшып кетті шағала

Ал-ал-ал – Алма жинап сал

Лу-лу-лу – жорғалайды ұлу

Ле-ле-ле – музыкамен биле

Ел-ел-ел соғып тұр жел

### **5. Тақтамен жұмыс**

Сөздерді анық айту. Суреттің атын атау.

Гүл, балық, шелек, жылан, жолбарыс, піл, түлкі, лимон, ілгіш, көбелек, көйлек, балапан.

### **6. Жаңылтпаш айтып жаңылмайық.**

Бұлбұл емес

Піл бұл

Пілді деме,

Бұлбұл.

7. Ертегі «Көңілді тіл»

8. V. Ойын «Мен бастаймын сен аяқта»

## **VI. Қорытынды**

## **VII. Мадақтау**

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.